



1. Статистикалық байқаудың мақсаты

Осы нысан бойынша байқаудың мақсаты кәсіпорынның лизингтік қызметінің негізгі көрсеткіштерін анықтау болып табылады.

2. Респонденттер тобы

Көрсетілген нысанды банктерден басқа, қаржы лизинг саласындағы қызметті жүзеге асыратын және лизинг беруші болып табылатын заңды тұлғалар (олардың құрылымдық бөлімшелері есебімен) мемлекеттік статистика органдарына толтырып, табыс етеді.

3. Нысанда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар

Лизинг – бұл инвестициялық қызмет түрі, мұнда лизинг беруші лизинг алушыға белгілі төлем үшін, белгілі мерзімге және белгілі жағдайларда лизинг құралын кәсіпкерлік мақсаттар үшін уақытша иеленуге және қолдануға береді.

Лизингтік қызмет – лизинг шартының жағдайларын орындау бойынша лизинг берушінің қызметі.

Лизинг беруші – тартылған және (немесе) меншікті ақшалар есебінен лизинг құралын меншікке сатып алатын және оны лизинг алушыға лизинг шартының жағдайы бойынша беретін лизинг мәмілесінің қатысушысы. Лизинг беруші бір уақытта лизинг мәмілесінің басқа қатысушысы ретінде шығуына құқығы жоқ.

Лизинг алушы – лизинг шарты бойынша лизинг құралдарын кәсіпкерлік мақсатта қабылдайтын лизинг мәмілесінің қатысушысы.

Лизинг шарты – лизинг беруші сатушыдан лизинг алушының келісімі бойынша лизинг құралын меншікке сатып алуды және оны лизинг алушыға кәсіпкерлік мақсаттарға арналған төлемі үшін уақытша иеленуге және пайдалануға беруін міндеттейтін шарт.

Лизинг түрлері

Қайтарылатын лизинг – сатушы лизинг құралын лизинг берушіге осы лизинг құралын қайта лизингке лизинг алушы ретінде алу шартында сатқан жағдайдағы лизинг түрі.

Толық лизинг – лизинг құралының техникалық тексерілуі және ағымдағы жөнделуі лизинг берушімен жасалғандағы лизинг түрі.

Таза лизинг – лизинг құралының техникалық тексерілуі және ағымдағы жөнделуі лизинг алушымен жасалғандағы лизинг түрі.

Қызметкерлердің тізімдік саны – азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыстарды орындайтын адамдардан басқа жеке еңбек шарты бойынша, оның жасалу мерзіміне қарамастан жұмысқа қабылданған адамдар саны.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

Үйлер, ғимараттар, машиналар мен жабдықтар, мүкәммал, көлік құралдары, жер телімдері және кез-келген басқа тұтынылмайтын заттар лизинг құралдары бола алады. Бағалы қағаздар мен табиғи ресурстар лизинг құралдары бола алмайды.

Есепке тек лизинг құралдары лизинг алушысына берілген жағдайдағы шарттар кіреді.

Лизинг шартының жалпы құнына лизингтік төлемдердің жалпы құны, сондай-ақ лизинг құралының сатып алу бағасы кіреді, егер лизинг шарттарында лизинг құралына меншік құқығы лизинг алушыға ауысу көзделген жағдайда.

Лизинг құралын пайдалану бағыты лизинг алушының экономикалық қызмет түрімен анықталады.

5. Бөлімдер арасындағы арифметико-логикалық бақылау

3 бөлім 1 жол (1–5) бағандар қосындысы = 4 бөлім 1 жол (2, 4, 6) бағандар қосындысы.

3 бөлім (1–5) бағандар (2, 3) жолдар қосындысы = 4 бөлім 2 баған 1 жол.

3 бөлім (1–5) баған (4–15) жолдар қосындысы = 4 бөлім 4 баған 1 жол.

3 бөлім (1–5) баған (16–17) жолдар қосындысы = 4 бөлім 6 баған 1 жол.

2 бөлім 1 баған 1 жол = 4 бөлім 1 жол (1, 3, 5) бағандар қосындысы.

1. Цель статистического наблюдения

Целью наблюдения по данной форме является определение основных показателей лизинговой деятельности предприятия.

2. Круг респондентов

Указанную форму заполняют и представляют в органы государственной статистики юридические лица (с учетом их структурных подразделений), осуществляющие деятельность в области финансового лизинга и являющиеся лизингодателями, кроме банков.

3. Термины и определения, используемые в форме

Лизинг – вид инвестиционной деятельности, при которой лизингодатель передает предмет лизинга лизингополучателю за определенную плату, на определенный срок и на определенных условиях во временное владение и пользование для предпринимательских целей.

Лизинговая деятельность – деятельность лизингодателя по выполнению условий договора лизинга.

Лизингодатель – участник лизинговой сделки, который за счет привлеченных и (или) собственных денег приобретает в собственность предмет лизинга и передает его лизингополучателю на условиях договора лизинга. Лизингодатель не вправе одновременно выступать в качестве другого участника лизинговой сделки.

Лизингополучатель – участник лизинговой сделки, который принимает на условиях договора лизинга предмет лизинга для предпринимательских целей.

Договор лизинга – договор, в соответствии с которым лизингодатель обязуется приобрести в собственность согласованный с лизингополучателем предмет лизинга у продавца и передать его лизингополучателю во временное владение и пользование для предпринимательских целей за плату.

Виды лизинга

Возвратный лизинг – разновидность лизинга, при котором продавец продает предмет лизинга лизингодателю с условием обратного получения данного предмета лизинга в лизинг в качестве лизингополучателя.

Полный лизинг – разновидность лизинга, при котором техническое обслуживание предмета лизинга и его текущий ремонт осуществляются лизингополучателем.

Чистый лизинг – разновидность лизинга, при котором техническое обслуживание предмета лизинга и его текущий ремонт осуществляются лизингополучателем.

Списочная численность работников – численность лиц, принятых по индивидуальному трудовому договору, независимо от срока его заключения, кроме лиц, выполняющих работы по договорам гражданско-правового характера.

4. Методологические пояснения

Предметом лизинга могут быть здания, сооружения, машины и оборудование, инвентарь, транспортные средства, земельные участки и любые другие непотребляемые вещи. Предметом лизинга не могут быть ценные бумаги и природные ресурсы.

В отчет включаются только те договоры, предмет лизинга которых уже передан лизингополучателю.

Общая стоимость договора лизинга включает в себя общую сумму лизинговых платежей, а также выкупную цену предмета лизинга, в случае, если договором лизинга предусмотрен переход права собственности на предмет лизинга к лизингополучателю.

Направление использования предмета лизинга определяется по виду экономической деятельности лизингополучателя.

5. Арифметико-логический контроль между разделами

Сумма граф (1-5) стр 1 разд 3 = сумме граф (2, 4, 6) стр 1 разд 4.

Сумма строк (2, 3) гр (1-5) разд 3 = строке 1 гр 2 разд 4.

Сумма строк (4–15) гр (1–5) разд 3 = строке 1 гр 4 разд 4.

Сумма строк (16, 17) гр (1–5) разд 3 = строке 1 гр 6 разд 4.

Строка 1 графа 1 разд 2 = сумме граф (1, 3, 5) стр 1 разд 4.